

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

ӘОЖ 665.622.43.046.6-52 (043)


Қолжазба құқығында


Шаратбеков Танат Төлеуұлы


Магистр академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған


### МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Диссертация атауы Полиграфиялық өндірістерде қолданылатын  
конвейерлердің қозғалыс динамикасын зерттеу  
Дайындау бағыты 6М072200 – Полиграфия

Ғылыми жетекші,  
физ-мат. ғыл. канд., қауым. профессор  
 Байтимбетова Б.А.  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2019 ж.

Пікір беруші,  
хим. ғыл. канд., доцент  
 Джумекеева А.И.  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2019 ж.

Норма бақылаушы,  
лектор  
 Толыбаева Ж.Ж.  
« 31 » 05 2019 ж.

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**  
Көлік техникасы  
кафедра меңгерушісі  
техн. ғыл. д-ры, профессор  
 С.А. Машеков  
« 31 » 05 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

«Көлік техникасы» кафедрасы


6M072200 – Полиграфия

**БЕКІТЕМІН**

Көлік техникасы

кафедра меңгерушісі

техн. ғыл.-д-ры, профессор

 Машеков С.А.

« 03 » 10 2018 ж.

**Магистрлік диссертация орындауға  
ТАПСЫРМА**

Магистрант Шаратбеков Танат Толеуұлы

Тақырыбы: Полиграфиялық өндірістерде қолданылатын конвейерлердің қозғалыс динамикасын зерттеу

Университет Ректорының 2017 жылғы «30» қазан №1596-м бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы «28» маусым

Магистрлік диссертацияның бастапқы берілістері:

полиграфия өндірісіндегі конвейерлер, қозғалыс динамикасы

Магистрлік диссертацияда қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Полиграфиялық өндірісте кеңінен қолданылатын конвейер механизмінің динамикалық параметрлерін зерттеу

б) Төртбуынды бастапқы кинематикалық тізбектің (БКТ) синтез есебін шешу үшін заманауи математикалық алгоритмдерді программалау әдістерін қолданылып, осы әдіс негізінде алтыбуынды конвейер механизмінің динамикалық өлшемдерін анықтау

в) Жаңа синтез әдісін қолданып конвейердің III класты механизмін кинематикалық, динамикалық параметрлерін нақтылау

г) Инженерлік жобалаудың заманауи үлгісі MSC ADAMS программасында зерттей отырып динамикалық өлшемдеріне талдау жасау

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс): \_\_\_ слайдта диссертация презентациясы

**Ўсынылатын негізгі әдебиет:**

1 Джолдасбеков У. А. Графо-аналитические методы анализа и синтеза механизмов высоких классов // Алма-Ата: Наука, 1983. – С. 250-256.

2 Чебышев П.Л. О преобразовании вращательного движения в движение по некоторым линиям при помощи сочлененных систем // Полн.собр.соч. - М.: Изд-во АН СССР, 1948. - Т. 4. - С. 161-167.

3 Чебышев П.Л. О простейшей суставчатой системе, доставляющей движения, симметрические около одной оси // Полн.собр. соч. - М.: Изд-во АН СССР, 1948. - Т. 4. - С. 167-212.

Магистрлік диссертация дайындау  
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Әдебиеттік шолу	15 мамыр 2018 жыл	
Тәжірибелік бөлім	15 қаңтар 2019 жыл	
Нәтижелер және оларды талқылау	20 сәуір 2019 жыл	

Аяқталған магистрлік диссертация бөлімдеріне кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Әдебиеттік шолу	физ-мат. ғыл. канд., қауым. профессор Байтимбетова Б. А.	11.03.19	<i>Байт</i>
Тәжірибелік бөлім	физ-мат. ғыл. канд., қауым. профессор Байтимбетова Б. А.	15.04.19	<i>Байт</i>
Нәтижелер және оларды талқылау	физ-мат. ғыл. канд., қауым. профессор Байтимбетова Б. А.	14.05.19	<i>Байт</i>
Норма бақылаушы	лектор, Толыбаева Ж.Ж.	31.05.19	<i>Толыбаева</i>

Ғылыми жетекші

*Байт*

Байтимбетова Б.А.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

*Шаратбеков*

Шаратбеков Т.Т.

Күні

« 18 » сәуіріс 2018 ж.

## АҢДАТПА

Диссертациялық жұмыста – полиграфиялық өндірістерде қолданылатын конвейерлердің қозғалыс динамикасын зерттеу қарастырылған.

Диссертациялық жұмыс келесі бөлімдерден тұрады:

- полиграфиялық өндірістерде қолданылатын конвейерлердің даму кезеңдері мен қолдану аймағы;
- полиграфиялық өндірістерде қолданылатын конвейерлердің жұмыс атқару принципі;
- конвейердің кинематикалық және динамикалық анализі;
- конвейерді MSC ADAMS SOFTWARE программасымен жобалау.

Полиграфия саласындағы конвейерлер, соның ішінде негізінен көп қолданылатын ленталы конвейерлердің жүк қозғалысын арттыру мақсатындағы қондырғылар қарастырылды.

Бірқалыпты қозғалыс заңдылығымен жұмыс істеп тұрған конвейер горизонталь орнатылған наушаның тиімділігін арттыру жолдары қарастырылып, науаша бетімен жүктің екі түрлі үлгідегі жүктемеленген (горизонталь немесе вертикаль) барыстары жеке-жеке зерттеліп, екі түрдегі салыстырмалы қозғалыс жылдамдығының шамалары алынған.

Конвейердің моделін жасаудың инженерлік әдісі ретінде MSC ADAMS Software программасында жобалау ұсынылып, сол арқылы уақыттың өте аз фракциясының сызықты динамикасында жұмыс істейтін қондырғыны модельдеу арқылы дәлдігін қамтамасыз етіп. Сонымен қатар тұрақты және тұрақсыз күштермен жүктемелер әсерінен операциялық орталарда толық спектрінің өзгеріп отыруын қадағалап, орын ауыстыру, жылдамдық, үдеулерімен қатар қуатымен кинетикалық энергия өзгерістерінің нақтылы шамаларын зерттеу қарастырылған. Жазық иінтіректі механизмдерді кинематикалық және динамикалық синтездеудің және анализдің жалпы әдістері жасалған.

## АННОТАЦИЯ

В диссертации рассматривается - исследование динамики движения конвейеров, применяемых в полиграфическом производстве.

Диссертация состоит из следующих разделов:

- этапы и масштабы разработки конвейеров, используемых в полиграфическом производстве;
- принцип работы конвейеров, используемых в полиграфическом производстве;
- кинематический и динамический анализ конвейера;
- проектирование конвейера с программным обеспечением MSC ADAMS SOFTWARE.

В области полиграфии рассматривалось оборудование с целью увеличения грузопотока наиболее используемых ленточных конвейеров.

Я рассматривал способы повышения эффективности лотка, загруженного горизонтально работающей конвейерной лентой с равномерным законом движения и загруженного двумя различными типами нагрузки (горизонтальной или вертикальной) на поверхности трима, и двумя относительными скоростями движения.

Как инженерный метод моделирования конвейера, программное обеспечение MSC ADAMS разработано для обеспечения точной точности путем моделирования малой доли линейной динамики времени. Он также предусматривает полный спектр изменений в рабочей среде под воздействием постоянных и неустойчивых сил нагрузки, а также изучение реальных значений изменений кинетической энергии, наряду с движением, скоростью, ускорением. Разработаны общие методы кинематического и динамического синтеза и анализа плоскопараллельных механизмов.

## ANNOTATION

In the thesis is considered - investigation of dynamics of the movement of conveyors used in printing industry.

The thesis consists of the following sections:

- the stages and scope of the development of conveyors used in the printing industry;
- the principle of operation of the conveyors used in the printing industry;
- kinematic and dynamic analysis of the conveyor;
- pipeline design with MSC ADAMS SOFTWARE software.

In the field of printing equipment was considered to increase the traffic flow of the most used conveyor belts.

I considered ways to increase the efficiency of a tray loaded with a horizontally operating conveyor belt with a uniform law of movement and loaded with two different types of load (horizontal or vertical) on the trim surface and two relative speeds of movement.

As an engineering method for modeling a pipeline, the MSC ADAMS software is designed to provide accurate accuracy by simulating a small fraction of the linear time dynamics. It also provides for a full range of changes in the working environment under the influence of constant and unstable load forces, as well as the study of real values of changes in kinetic energy, along with movement, speed, acceleration. The general methods of kinematic and dynamic synthesis and analysis of plane-parallel mechanisms have been developed.

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі стандарттарға сәйкес сілтемелер қолданылған:

МЕМСТ 9567-75 (2). Ыстық күйінде қалыпталған болаттан жасалған труба. Сұрыптама.

МЕМСТ 8733-74 (3). Ыстық күйінде қалыпталған болаттан жасалған труба. Сұрыптама.

МЕМСТ 8240-89. Ыстық күйінде қалыпталған болаттан жасалған труба. Сұрыптама.

ТРУБА 48×2.5 МЕМСТ 9567-75 (2). Ыстық күйінде қалыпталған болаттан жасалған труба. Сұрыптама.

ТРУБА 48×3.5 МЕМСТ 9567-75 (МЕМСТ 8733-74) (2). Ыстық күйінде қалыпталған болаттан жасалған труба. Сұрыптама.

ТРУБА 42×2.5 МЕМСТ 9567-75 (2). Ыстық күйінде қалыпталған болаттан жасалған труба. Сұрыптама.

ТРУБА 28×2.5 МЕМСТ 9567-75 (2). Ыстық күйінде қалыпталған болаттан жасалған труба. Сұрыптама.



## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі анықтамаларына сәйкес терминдер қолданылған:

**Машина** - адамдардың қол және ой еңбегін жеңілдету мақсатында механикалық қозғалыс арқылы энергияны, материалды және информацияны бір түрден басқа түрге түрлендіретін жабдық.

**Механизм** - бір немесе бірнеше қатты денелердің берілген қозғалысын басқа қатты денелердің қажетті қозғалысына айналдырушы кинематикалық тізбек.

**Буын** – механизмдердің құрамына енетін бір немесе бірнеше өзара салыстырмалы қозғалыста болмайтын қатаң қосылған қатты денелер жүйесі.

**Жетекші буын** – механизм буындарына түсірілген сыртқы күштің элементар жұмысы оң таңбалы болатын буын.

**Жетектегі буын** – механизм буындарына түсірілген сыртқы күштің элементар жұмысы теріс таңбалы немесе нөлге тең болатын буын.

**Кіріс буыны** – берілген қозғалысты атқаратын буын.

**Шығыс буыны** – қажетті қозғалысты атқаратын буын.

**Кинематикалық жұп** – өз ара салыстырмалы қозғалыста болатын, екі немесе одан да көп звенолар қосылысы.

**Төменгі жұп** – элемсенттері өзара бет арқылы жанасатын кинематикалық жұптар.

**Кинематикалық тізбек** – өзара кинематикалық жұп арқылы байланысқан звенолар жүйесі.

**Жазық механизм** – звенолары қозғалмайтын жазықтыққа қарағанда параллель қозғалыс жасайтын механизм.

**Иінтіректі механизм** – звенолары өзара иінтірек құрайтын механизм.

**Ассур тобы** - еркіндік дәрежесі нольге тең және еркіндік дәрежесі нольге тең қарапайым кинематикалық тізбектерге одан әрі бөлінбейтін кинематикалық тізбек.

**Жазық параллел қозғалыс** – егер қатты дененің барлық нүктелері қандайда бір қозғалмайтын жазықтыққа параллел қозғалатын болса, онда дененің мұндай қозғалысын жазық параллел қозғалыс деп атайды.

**Механизмдердің структуралық синтезі** - механизмнің тіреуішін, қозғалмалы буындарын, кинематикалық жұптары мен олардың өзара орналасуын көрсететін структуралық схемасын жобалауды айтамыз.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

МЕМСТ – мемлекеттік салалық стандарт;

Кг – килограмм

м – метр

мм – миллиметр

см – сантиметр

с – секунд

Па – кернеу өлшем бірлігі

Н – күш өлшем бірлігі

Н\*мм – Момент өлшем бірлігі

БКТ – бастапқы кинематикалық тізбек;

СКЖ - сфералық кинематикалық жұптарымен

ЖКМ – жоғарғы класты механизм;

ЭЕМ – электронды есептеуіш машина;

п.э.к.– пайдалы әсер коэффициенті;

кл – класс;

$dA$  - элементар жұмыс, Дж;

$F$  – күш, Н;

$Ds$  – өсімше;

$\omega$  - бұрыштық жылдамдық, рад\*с<sup>-1</sup>;

$l$  - буын ұзындығы, М;

$R_{ij}$   $i$  және  $j$  буындарын қосатын кинематикалық жұптардағы реакциялар;

$X_A, Y_A$  -  $A$  нүктесінің координатасы;

$x_B, y_B$  -  $B$  нүктесінің координатасы;

$x'_C, y'_C$  -  $C$  нүктесінің координатасы;

$X_D, Y_D$  -  $D$  нүктесінің координатасы;

$Q$  - қозғалмайтын жазықтық;

$Q_1$  -  $A$  нүктесіне қатысты  $X_A, Y_A$  координатасымен  $\varphi$  айналу бұрышымен анықталатын айналмалы қозғалыс жасайтын жазықтық;

$Q_2$  -  $D$  нүктесінің  $X_D, Y_D$  координаталарымен және  $\psi$  айналу бұрышымен анықталатын жазық параллельді қозғалыс жасайтын жазықтық;

$\psi_i, \theta_{li}, \varphi_i$  – Эйлер бұрыштары;

$R$  – тұрақты шама;

$a, b, c$  - түзу теңдеуінің коэффициенттері;

$\Delta_{q_i}$  - өлшемді айырма;

$S$  - қосынды;

$M$  – қолданылатын тізбек саны;

$N$  – шектеулі берілген қозғалыс орындарының саны.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	11
1 Полиграфиялық өндірістерде қолданылатын конвейерлердің даму кезеңдері мен қолдану аймағы	13
1.1 Полиграфиялық өндірістерде қолданылатын конвейерлердің даму кезеңдері	13
1.2 Өндірістерде қолданылатын конвейерлердің түрлері	14
2 Полиграфиялық өндірістерде қолданылатын конвейерлердің жұмыс атқару принципі	24
2.1 Горизонталь орнатылған науамен бірқалыпты қозғалыс заңдылығымен жұмыс істеп тұрған конвейердің тиімділігін арттыру	24
2.2 Горизонталь орнатылған науашаның тербелісін есептеу	31
2.3 Горизонталь орнатылған науашаның тұрақтылығын есептеу	33
2.4 Горизонталь орнатылған науаның бірқалыпты қозғалысының динамикалық теңдеулерін құру	34
3 Конвейердің кинематикалық және динамикалық анализі	39
3.1 Конвейерлердің кинематикалық анализі	39
3.2 Конвейерлердің буындарындағы қозғалысының дифференциалдық теңдеуі	48
3.3 Конвейерлердің дифференциалдық теңдеуін жуықтап есептеу әдісімен шешу	50
3.4 Конвейерлердің салыстырмалы қозғалысын оңтайландыру.	57
3.5 Конвейерлердің серпімді базасының зерттеуге қосқан үлесі	60
4 Конвейерді MSC ADAMS SOFTWARE программасымен жобалау	65
4.1 Конвейер механизмді MSC ADAMS Software программасында инженерлік жобалау	65
4.2 MSC ADAMS Software программасымен динамикалық өлшемдерінің сандық мәндерін алу	73
Қорытынды	80
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	81

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Ауыр және жеңіл, химиялық агрессивті жүктерді, полиграфиялық және азық-түлік өнімдерін, тасымалдау кезінде толық қауіпсіздігін сақтай отырып жүктемелеу үшін қолданылатын, сонымен қатар эмульсияға, майға және ыстық топыраққа батырылған метал жоңқаларын тасымалдау үшін құйма формаларынан соғылған ұсақ құймалар мен құйма шихталары т.б. әртүрлі өнеркәсіп салаларында конвейерлер кеңінен қолданыс тапқан.

Конвейер таспаның қозғалыс режимінің және жүктің қозғалыс сипаттамасына қарай инерциялы (таспада жүк айнымалы және тұрақты) болады. Жүк күш инерциясының әсерінен таспада сырғанайды. Тербеліс әсерінен жүк таспадан көтеріледі және микросекірістермен таспа бойында орын ауыстырады. Жүктеу мен тасымалдауға арналған осы тектес қондырғылардың маңызы зор. Өндіріс орындарында қолданылу ерекшеліктеріне қарай сұраныс күннен-күнге артуда, сондықтанда соңғы кездері конвейерлер кеңінен қолданылуда. Диссертациялық жұмыс III класты иінтіректі конвейерді синтездеу бойынша динамикалық өлшемдерін нақтылауға арналған.

**Жұмыстың өзектілігі.** Қазіргі кездегі автоматтандырудың қарқынды дамуында машина мен механизмдерді тиімді күш берілісі бойынша жобалау зерттеуін автоматтандыру қажеттілігіне байланысты машина механикасында жаңа есептер пайда болуда. Бұл есептеу механикасының қазіргі таңдағы әдістерінің негізінде тиімді күш берілісі бойынша көпбуынды механизмдердің анализ және синтез есептерін кешенді шешу үшін заманауи математикалық әдістерді жасауды, сонымен қатар бұл есептерді шешуді автоматтандыру үшін заманауи программалық қамтамасыз етуді қажет етеді. Тиімді күш берілісі бойынша жазық иінтіректі механизмдердің синтез есептерін шешу үшін кез-келген жазық иінтіректі механизмдерді, сонымен қатар кіріс және шығыс буындарының қозғалыс заңдылықтары берілген көп буынды механизмдерді жобалау барысында пайда болатын төртбуынды бастапқы кинематикалық тізбектер мен олардың модификацияларының кинематикалық синтез есебін шешу қажет. Бастапқы кинематикалық тізбектер модификациялары арқылы конвейердің және жұмыс атқарушы буынның одан да күрделі қозғалыс заңдылығындағы механизмдерді синтездеуге болады.

Кіріс және шығыс буындарының қозғалыс заңдылықтары берілген механизмдерді, жоғарғы класты механизмдерді зерттеу және жобалау күрделі болып келеді, әрі көп еңбекті қажет етеді. Қолданылып жүрген механизмдердің тиімді күш берілісі критеріі бойынша синтез алгоритмдері мен программалары мұндай механизмдердің барлық зерттеу кезеңдерін қамтымайды.

Осыған байланысты иінтіректі механизмдерді оптималды күш берілісі критеріі бойынша синтез әдістері мен программаларын жасау өзекті мәселе болып табылады. Бұл ғылыми мәселені шешудің ғылыми-техникалық маңызы бар.

**Зерттеу мақсаты.** Ауыр және жеңіл өнеркәсіпте кеңінен қолданылатын конвейер механизмінің динамикалық параметрлерін нақтылау. Техника

саласында машина мен механизмдерді оптималды күш берілісі критеріі бойынша жобалауды зерттеуде автоматтандыру қажеттілігіне байланысты жаңа есептер пайда болуда. Бұл есептерді шешу оптималды күш берілісі критеріі бойынша төрт және көпбуынды механизмдердің анализ және синтез есептерін кешенді шешу үшін заманауи алгоритмдерді құрып программалауды қажет етеді. Жазық иінтіректі механизмдердің оптималды күш берілісі критеріі бойынша синтез есептерін шешу үшін кез-келген жазық иінтіректі механизмдерді, сонымен қатар берілген кіріс және шығыс буындарының қозғалыс заңдылығын атқаратын көп буынды жоғарғы класты механизмдерді жобалау барысында пайда болатын төртбуынды бастапқы кинематикалық тізбектер (БКТ) мен олардың модификацияларының кинематикалық синтез есебін шешу әдістері ұсынылған. Содан кейін жаңа синтез әдісін алты буынды жазық иінтіректі механизмнің динамикалық параметрлерін нақтылауға қолдана отырып, механизмнің кинематикалық және динамикалық анализ есебін шешу методикасы келтірілген. Берілген кіріс және шығыс буындарының қозғалыс заңдылығын атқаратын көп буынды механизмдерді, сондай-ақ жоғарғы класты механизмдерді зерттеу және жобалау көп еңбекті қажет ететін күрделі мәселе болып келеді.

#### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы.**

1) Көп буынды жоғарғы класты механизмдерді жобалау барысында пайда болатын төртбуынды бастапқы кинематикалық тізбектер (БКТ) мен олардың модификацияларының кинематикалық синтез есебін шешу әдістері ұсынылды.

2) Төртбуынды бастапқы кинематикалық тізбектің (БКТ) синтез есебін шешу үшін заманауи математикалық алгоритмдерді программалау әдістері қолданылып, осы әдіс негізінде алтыбуынды конвейер механизмнің динамикалық өлшемдерін анықтау.

3) Жаңа синтез әдісін қолданып тербеліс атқарушы ІІІ класты механизмін кинематикалық, динамикалық параметрлерін нақтылау.

4) Инженерлік жобалаудың заманауи үлгісі MSC ADAMS программасында зерттей отырып динамикалық өлшемдеріне талдау жасау.

Жазық иінтіректі механизмдерді кинематикалық синтездеудің және динамикалық анализдің жалпы әдістері жасалған. Осы әдістерді өндіріске қажетті нақты механизмдер жобалауға пайдалануға болатындығы көрсетілген.

**Ғылыми – тәжірибелік маңыздылығы.** Зерттеу жұмыстарының нәтижелері жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында өндірістік жобалауда қолданылуда. Мұндай қондырғылар полиграфия, тамақ өнеркәсібінде, химиялық өнеркәсіпте, құю өндірісі, ауыл шаруашылық индустриясында, материалдарды тасымалдау өнеркәсібінде, индустриялық жүк тасымалдарында, аэроғарыштық жұмыс алаңдарында кеңінен қолданылатындықтан, тәжірибелік зерттеу құндылығы жоғары өзекті мәселе болып саналады [1].

# **1 Полиграфиялық өндірістерде қолданылатын конвейерлердің даму кезеңдері мен қолдану аймағы**

## **1.1 Полиграфиялық өндірістерде қолданылатын конвейерлердің даму кезеңдері**

Конвейерлердің дамуы сонау 17-18 ғасырлардан бастау алады. Полиграфия саласын дамыту қазіргі заман талаптарына сай келетін жаңа инновациялық технологияларды енгізудің басты салаларының бірі болып табылады. Жаңа машиналар мен қондырғыларды жасау үшін олардың жобалау әдістерін жетілдіру керек. Қазіргі заманның талабына сай конвейерлер полиграфия өндірісінде, тамақ өнеркәсібінде, химиялық өнеркәсіпте, құю өндірісі, ауыл шаруашылық индустриясында, материалдарды тасымалдау өнеркәсібінде, индустриялық жүк тасымалдарында, аэроғарыштық жұмыс алаңдарында кеңінен қолданылады. Бұл конвейерлер әр түрлі салмақтағы жүкті кез-келген жерге ыңғайлы уақытта тасымалдау, жайғастыру сияқты көптеген операцияларды орындау барысында зор мүмкіншілікке ие.

Полиграфия саласындағы конвейерлер, соның ішінде негізінен көп қолданылатын ленталы конвейерлердің жүк қозғалысын арттыру мақсатындағы қондырғылар қарастырылады. Ауыр және жеңіл өнеркәсіп саласында конвейерлерді өндірумен көш бастап тұрған әлемдік көптеген фирмалар, соның ішінде Ресейлік фирма ARCON, Американдық фирмалар KINERGY, CARRIER, CARMAN, URBAR және 1876 жылы құрылған WEBSTER, Англиялық VECOPLAN, Индиялық KAMPAN, Австралиялық RENOLD, Азиялық фирмалардан SINFONIA (Сингапур, Тайланд, Индонезия, Шаңхай, Ганконг) қатарлылар полиграфиялық өндірістерде қолданылатын конвейерлерді сатумен, жалға берумен, сервисті қызмет етумен шұғылданады. Тап осы фирмалардың ұсынып отырған ленталы қондырғыларының ұзындықтары 8-100 метрге дейін жетеді, ені 300-2000 мм аралықтарында болады. Жалпы жүк көтерімділігі 1-5 тоннаға дейін жетеді. Аккумулятор немесе дизель қозғалытқышпен жұмыс істейтін қондырғыларды ұсынады. Көптеген технологиялық процесстерде, әсіресе құю өндірісінде және азық-түлік өндіру орындарында бір орыннан екінші орынға тасымалдау жұмыстарында механикаландырылған ленталы қондырғыларға мұқтаждық үлкен. Маркетингтік анализ көрсеткендей, біздің отандық нарықта ленталы қондырғы механизмдерді шығаратын өз өндірушілеріміз жоқ, ал қолданылатын осы типті қондырғылар шетелдерде шығарылады. Ленталы қондырғы механизм бойынша отандық және шетелдік патенттік анализ жүргізілді, интернет көздеріне шолу жасалды, дәстүрлі механизмдердің кемшіліктері анықталды [2].

Алайда ленталы қондырғы механизмдердің конструкцияларының қатаңдығы төмен болғандықтан өте қауіпті, шығындармен қатар адамдарға қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан бұндай ленталы қондырғы механизмді жобалағанда (салмағы: 123.77 кг, ұзындығы: 1.7 метр, ені: 250 мм) шағын, өте жылдам қозғалатын жұмыс өнімділігі жоғары, бір орыннан екінші орынға жылжытуға ыңғайлы етіп және азық-түлік өнімдеріне қолдануға ұсынып

отырмаз. Ленталы қондырғы механизмге кәлбеу орнатылған труба материалдарды ұсыну арқылы төменгі транспорттық жиналған күйінде механизмнің сингуляр күйден аулақ болуын қамтамасыз еттік. Осының нәтижесінде кинематикалық жұптардағы реакция күштері өте төмен, ал теңгеруші күштің мәні де төмен болды. Мысалы кейбір конструкцияларда теңгеруші күш пайдалы салмақпен салыстырғанда 16 есе жоғары екенін көруге болады. Сондықтан ленталы қондырғы механизмнің кемшілігі құрылымының күрделілігі мен жүк көтергіштігінің аздығы. Осы кемшіліктерге байланысты ленталы қондырғы механизмді жобалауда серпімді базасын тиімді етіп жобалау әдістерін жасау керек. Жүк тасымалдауы жоғары, теңгеруші күштің шамасы көп және салмағы жеңіл, жұмыс өнімділігі жоғары, бағасы арзан механизм түрін жасау өзекті мәселе болып табылады [3].

## **1.2 Өндірістерде қолданылатын конвейерлердің түрлері**

Ленталы (таспалы) конвейерлер өзінің жоғары қолдану сапаларына байланысты өнеркәсіптің барлық салаларында кең қолданыс алды:

- жоғары өнімділік;
- конструкцияның оңайлығы;
- жүк көтергіш бетте жүкті орын ауыстыру;
- толық автоматтандырылған және тағы басқалар.

Ленталы конвейерлерді шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

1) Жалпы тағайындалған, көбінесе заводтың ішінде көлік ретінде пайдаланады;

2) Үлкен қуатты, завод сыртында, өте алыс қашықтыққа жүкті тасымалдауға (көмір, қазып алынатын кендер, руда) қолданылады;

3) Арнайы конвейерлер, жер астында және ашық тау-кен жұмыстары үшін қолайлы конвейерлер түрі.

Ленталы конвейерлер әр түрлі конструктивтік және технологиялық белгілері бойынша бөлінеді:

Жетек саны бойынша:

- бір жетекті;
- көп жетекті;

Жетекті құрылғының түрі бойынша:

- бір барабанды;
- екі барабанды;
- арнайы қысатын құрылымы бар бір барабанды және тағы басқалар;

Жүк түсіруіне сәйкес:

- шеткі жақтан жүк түсірумен,
- аралық жүк түсірумен;

Таспаларының түріне сәйкес:

- тегіс бельтингтік;
- резеңкетросты;
- бұдыр бельтингтік;
- арнайы;

Трассаны қою түріне байланысты:

- көлденең;
- көлденең-көлбеу;
- көлбеу;
- көлденең;

Жұмыс тармағының орналастырылуына сәйкес:


- жоғарғы жұмыс тармақты;
- төменгі жұмыс тармақты;
- екі жұмыс тармақты;

Таспаның тармақтарының көлденең қима формасына сәйкес:


- жазық таспалы;
- науа таспалы және т.б. болып бөлінеді.

Таспалы конвейер келесідей бөліктерден тұрады (1 сурет) :

- резеңкеленген лента – 1 және тарту органы – 3;
- лента қолданатын шығыршық тіреулер – 2;
- жіберуші станция – 4 (2 сурет);



1 Сурет – Таспалы конвейердің құрылымы



2 Сурет – Таспалы конвейердің сұлбасы

Конвейердің лентасы (0,2-03 мм) өзара нәзік (сквидж) резеңкенің жұқа қабаты сабақтас кездемелердің бірнеше жіктен құралған тарту қаңқасынан



тұрады. Дарымаушы қаңқасы лентаның шалағай беріктігінің жоғарылатылуы үшін қорғайтын (брекер) кездемелермен жабады (3 сурет).



3 Сурет – Қорғау кездемелері

Қуатты конвейерлерге резеңке-тросты ленталарды қолданады. Резеңке-тросты ленталардың артықшылығы - өте беріктігі, аз ұзаруы, ұзақ қызмет көрсету мерзімі 4 суретте келтірілген. Лента тросиктерінің диаметрі 2,1-11,6 мм.



4 Сурет – Лента құрамы

Жұмыс және бос жүріс кезінде конвейер лентасы шығыршық тіреулерге сүйенеді. Шығыршық тіреулер қатардағы және арнайы болып жіктеледі.

Қатардағы шығыршық тіреулер таспаның қажетті тартылып тұруын, оған лентаның сүйемелдеуі үшін арналған.

Арнайы шығыршық тіреулер бұдан басқа, лентаны ортаға келтіру, амортизация, тазарту, форманың тартылу өзгерісі үшін қызмет етеді.

Таспалы конвейерлерді тартқыштық күштің берілу әдісі бойынша кәдімгі және арнайыға жіктейді.

Кәдімгі еріксіз келтіру мен тартқыштық күш лентаға жетекші барабан айналатын үйкеліспен керіліс есебінен беріледі.

Арнайы еріксіз келтірулер тартқыштық күштердің көмегімен қосымша қысатын құрылымдар (қысатын роликтер, ленталар, т.с.с) арқылы беріледі.

Таспалы конвейерлерге керіп кигізілген құрылымдар:

- қатты керіп кигізілген құрылымдарында жылжымайтын созушы барабан жұмыс істейтін конвейердің тәртібінің өзгерісінде болып қалады; лента қалдық сығынды артынан әлсіретуі бойынша шара мерзімді тартылады;

- барабанның автоматты керіп кигізілген керу құрылғыларында жұмыс істейтін конвейердің тәртібінің өзгерісінде жылысады;

- құрамалы керіп кигізілген құрылымдар сияқты жіберуді мерзімге қатты жұмыс істейді - жіберуді мерзімге созушы барабан орнында қалады. Құрылымның жіберуді мерзімінің аяқтауларынан кейін автоматты сияқты жұмыс істейді.

Жонатын тазалағыштар таспалы конвейерлерде кең қолдану конструкциясының оңайлығының арқасында алды және негізінде ептеген дымқылдығы бар материалдардан ленталарды тазарту үшін қолданылады.

Көлік құралдарының жұмыс беттерін жабысқақ, дымқыл, кейде және қатып қалатын материалдарды тазарту үшін кеңінен таралған құрылымдар тұрақты немесе айналмалы щеткалар болып табылады (5 сурет).



5 Сурет – Тұрақты және айналмалы щеткалар

Таспалы конвейерді есептеу төмендегілерден тұрады:


- оның негізгі көрсеткіштерін анықтау;
- есептеу және жұмыс органының таңдау;
- қуаттар және қозғаушы түрін анықтау;
- берілу элементтерін таңдау;
- тежеуіштер тежегіш моменттің анықтауы және таңдау.

Таспалы конвейерлердің негізгі көрсеткіштері болып табылады:

- өнімділік (жаппай  $Q$  т/сағ көлемді  $V$  мөлшері) ;
- ұзындық –  $L$ , бір жағынан жіберуді трассаның көрсеткіштері, көлденең проекция -  $L$  ұзындығы, жүкті көтерудің биіктігі -  $H$ ; көлбеу бұрышы-град; Машинаның -  $m$  массасы, ( $\tau$ ) кг.

Науашалы немесе түтікшелі конвейерлердің ілінетін құрлымы (6 сурет) амортизаторлар мен тіректі бағанаға бос ілінеді. Бағытталған тербеліс орталық жетектен жоғарғы немесе төменгі жағына орналасады. Жүкті берілген бағытта тасмалдау үшін жетекті  $\beta = 20-30^\circ$  бұрышпен қондырғы өсіне бекітеді. Тербеліс шығаратын құрылымның күш жұмсағыш сызығы серпінді жүйенің центрінен


өту керек, себебі бұл жүйе үшін арнайы айнымалы тербеліс қажет, бұл тербелістер жүкті тасымалдау процесіне кері әсер тигізеді. Жетек пен науаша арасындағы түйіндердің беріктігі тербелісті дұрыс атқарып түтіктің бұзылуына жол бермейді. Жүкті тасмалдығыш элементтің габаритін арттыру кезінде салмағыда артады, бірақ тербеліс амплитудасы кемігендіктен тербелмелі қондырғылардың құрылымының ұзындығы 6-8 м ден артпайды.



а-науашалы, аспалы конструкциялы; б-түтікшелі, аспалы; в-науашалы, тіректі; г-түтікшелі, топсалы конструкциялы

### 6 Сурет – Конструктивті конвейердің сұлбасы


Конвейердің құрылымының ерекшелігі болып: қарапайымдылығы, жеңіл массалы, уақыт аралық жүктеу мүмкіндігі мен жеңілдетілуі, тірекке аз динамикалық қысым жасау. Кемшіліктерін айтатын болсақ қондырғы ұзындығының қысқаруы мен тербеліс амплитудасы. Жүктеуді арттыру барысында амплитуданың кемиді.



1-бір массалы жұмыс істейтін науа; 2-қосымша тербеліткіш; 3-серіппелі байланысқан массалы; 4-серіппелі-амортизаторлы

### 7 Сурет – Бір және қосмассалы тербеліс атқарушы қондырғының сұлбасы

Тербеліс атқарушы қондырғылар 2 түрге бөлінеді: тербеліс жиілігі үлкен қондырғылар (тербелмелі), минутына 3000 айналым жасайтындар және тербеліс жиілігі аз қондырғылар, 50-500 айн/мин. Тербелмелі қондырғылар (6-7 сурет) жұмыс бөлігінен тұрады: 1-түтікше немес науаша, 2-қосымша тербеліткіш, 3-серіппелі байланысқан массалы, 4-серпінді байланыс пен амортизаторлы элементтерден [4].



8 Сурет – Конвейердің сұлбасы

Жетектің жұмыс элементіне түтік арқылы қайта оралудағы қозғалысынның ең үлкен тербелісі 600-3000 айн/мин, амплитудасы 0,5-15 мм. Қозғалмалы жүк аққыштық қасиетін қабылдап, берілген бағытта қозғалады. Сепкіш жүктің ұсақ бөлшектері арқылы жүзеге асады (8 сурет). Бұл ұшқыш микро бөлшектердің ұшу бағыты түтік бойымен артқан кезде, еркін құлауы артады.



9 Сурет – Науашадағы ұсақ бөлшектердің қозғалуы


Жұмыс бөлігін қозғалысқа келтіру үшін әртүрлі жетек түрлері қолданылады (электромагнитті, механика-экстрентивті, орталықтандырылған, гидравликалық және пневматикалық). Тербелмелі машиналар қазіргі кезден кенінен қолданысқа енді, ауыл шаруашылығында көбінесе бөлшекті сепкіш жүктерді тасымалдау үшін. Тербелмелі қондырғылар химиялық өндірісте жаңғыш жүкті тасымалдау үшін қолданылады (апатитолы концентрат, фосфарлф ұн, сода, көмір шаңы, цемент), зиянды жүктер (мышьяқты, кремне тористі натрий), ыстық (обесворен фосфаты) тербелмелі қондырғы химиялық жүкті тасымалдау үшін санитарлы жағдайы еңбекке қолайлы және өндіріске лайық. Көп жағдайлар сепкіш жүкті (руда, көмір, құм) қызметкерлер үшін зиянсыз таспалы конвейерлер арқылы тасмалданатын болса, бұл жағдайларда

тербелмелі қондырғылардың ішінде қиғаш қондырғыларды көп қолданбайды, себебі олар таспалы конвейрлерге карағанда қымбат және ауыр. Тербелмелі қондырғыларда жабысқақ жүктемелерді тасмалдауға тиым салынған (мысалы: ылғалды құм). Тербелмелі қондырғылар көліктегі жүкпен әртүрлі технологиялық операцияларды қолданылуға мүмкіндік береді (кептіру, суыту, араластыру). Тербелмелі қондырғылардың ең негізгі ерекшелігі болып жұмыс бөлігінде түтік аз қолданылатын абразивті емес жүкті тасмалдау кезіндегі көліктің төзімділігі.

Электромагнитті жетекті тербелмелі қондырғылар.

Электромагнитті тербелмелі қондырғылар келесі басты бөліктерден тұрады: 1 тербелмелі жүк көтергіш жетек, 2 электромагнитті тербелісті қоздыру көзі, 3 электр қорабы: бұл элементтердің стандартты құрылымы болат табақша болып табылады. Соңғы тәжірибе композиттік материалдардан (шыны) панельдерден жасалған икемді элементтерін пайдалану болып табылады. Бұл элементтер базасына қатты бекітілген, 4 резеңке тіреуіштер, 5 серпімділік тетігін арттыратын магнитті өткізгіш, 6 электр катушка, 7 арматура, 8 науаша, 9 индукциялы сенсор, 10 мөлшерленген материалды жеткізу (9 сурет).

Электромагнитті катушкалы орамадан 4 өткен кезде ауыспалы ток 1 құбырмен қатты түрде қосылған 7, ол магнит осімен тербеліс жасайды, және рессорлы пакеттен тербеліс шақырады 3, тұрқы 2 және электромагнитті мен тасмалдау құбыры 7. Электромагнитті жетектің амплитудасы 1-2 мм, жиілігі 3000 терб/мин. Жоғары жиілік кезінде тербестегі жүк ілінген күйде тұрады, ал ол қозғалған кезде құбырда су көтеріледі.




10 Сурет – Электромагнитті жетекті тербелмелі конвейерлер

Электротербелістер құбырда 2-2,5 м, көлбеу бұрышы 20-21° болып орналасады. Электротербелістердің тұрқын серіппелі аспамен ғимараттың жабынына немесе метелоконструкциямен іледі. Электромагнитті жетектегі құбырлар төмен және жоғары орналасады.

Механикалық жетекті тербелмелі қондырғылар.

Механикалық жетек кезінде электрқозғалтқыш қондырғылардың құрылымына байланысты тербеліс қозғалысын түтік арқылы және қос иінмен эксцентрика арқылы анықтама береді. Кейбір құрылымдағы қондырғылар тербеліс қозғалысын екі қарама қарсы айналатын эксцентрикалық күштен алады. Тербелмелі қондырғыларды ғимарат алаңына орналастыру кезінде қондырғы тербелісті бермеу керек. Бұл келтірілген анықтамаларға құрылымы динамикалық орнатылған жүйелер келеді, мысалы екі түтікті динамикалық тербелмелі қондырғылар 11 суретте көрсетілген.



11 Сурет – Механикалық жетекті конвейер

Екі түтікті эксцентривті жүйелі қондырғы үстіңгі 4 және астыңғы көлікті түтіктен 6 тұрады. Олар бір бірінің үстіне орналасқан. Түтіктер өзара жалпақ рессормен жалғанған 3. Олар өзара топсамен және қос иінмен жалғанып, рамаға бекітілген 7. Қондырғы жетегі 2 екі электродинамикалық қозғалтқыштан тұрады. Олар айналып эксцентривті білікке беріледі 1. Эксцентривті жетектің білігіне шатундар орналасқан. 5 жүктелі және 8 азайту келте құбыры орналасқан. Динамикалық тербелмелі конвейерлер үшін жұмсалатын электроэнергия өте аз. ВНИИПТМНАШ есебімен жұмсалатын энергия тасмалдап отырған горизонталь конвейерлерде бір тонна жүкке бір сағат ішінде бір метрге қозғалса, екі түтікті тербелмелі конвейерлер 10-50 м ұзындыққа жылжиды және де өндірістігі 50-150 т сағатына 0,0002-0,01 квт. Ал тасмалдау оң градус бұрышымен жүрсе, жұмсалатын энергия екі есе артады. Шетел өндірістік компанияда тербелмелі қондырғылардың әртүрлі құрылымдық қозғалыстарда қолданады. Ұшқыш күл мен шлакты арнайы пештерден тазарту үшін бір түтікшелі қондырғы қолданылады. Жиналған күл қондырғыға арнайы түтіктер арқылы жетеді. Түтіктер өзара қиғаш түтіктермен байланыстырлған. Қолданыс кезінде тербелмелі қондығылар ішінде екі түтікті қондырғы көп тараған. Жүк қозғалысы екі түтіктегі жүзеге асады. Қондырғы жұмысы екі электроқозғалтқыштан басталады. Тербеліс екі түтікке де бір уақытта беріледі. Тербелмелі қондырғыларда түтік диаметрі Биндер құрылымы бойынша 166-450 мм, өндірістігі 15-140 м<sup>3</sup>/ сағ. Өндірістің басқа салаларында қолданылатын конвейер түрлері 12-16 суреттерде көрсетілген.

Тербелмелі қондырғылар:



12 Сурет – Құю өндірісінде қолданылатын қондырғылар



13 Сурет – Орман өнімдері өнеркәсібінде қолданылатын қондырғылар



14 Сурет – Резеңке өнеркәсібінде қолданылатын қондырғылар





15 Сурет – Химиялық өнеркәсіпте қолданылатын қондырғылар



16 Сурет – Азық-түлік өнеркәсібінде қолданылатын қондырғылар




## 2 Полиграфиялық өндірістерде қолданылатын конвейерлердің жұмыс атқару принципі

### 2.1 Горизонталь орнатылған науамен бірқалыпты қозғалыс заңдылығымен жұмыс істеп тұрған конвейердің тиімділігін арттыру

Айналшақты механизмнің әсерінен тірек тіреуіштері көлбеу орналасқандықтан жүгі бар науаша ілгерлемелі қозғалыс жасағанда аздап көтеріледі, ал қайтымды қозғалыс жасағанда төмен түседі. Айналшақтың радиусы бұлғақ пен тіреу сырықтарының ұзындықтарына қарағанда қысқа болып алынады, бұдан науаша жылдамдығының  $\bar{v}_ж$  өзгеру заңдылығы синусоидаға жақын болады. Ал науашаның өзінің қозғалысы тіреу сырықтарына бағытталған нормал бойымен түзу сызықты болады.

Науашаның үдеуін  $\bar{a}_ж$  көлденең  $\bar{a}_{жX}$  және тігінен  $\bar{a}_{жY}$  құраушыларының геометриялық қосындысы түрінде аламыз. Науашаның ілгерлемелі жүрісінде үдеу құраушылары жоғары бағытталған, сондықтан салмағы  $\bar{G}$  жүктің бөлшегі тігінен  $m \cdot \bar{a}_{жX}$  және көлденең  $m \cdot \bar{a}_{жY}$  күші инерциялық құраушылар науаша бойымен оның қозғалысы жағына бағытталған үйкеліс күші әсер етеді [5].

Науашаның түзу жүрісі кезінде жүктің бөлшегі алға жылыжу үшін (AB аралығы графикте науашаның жылдамдығының өзгеруі) үйкеліс күші инерция күшінің көлденең құраушыларынан үлкен болуы керек (17 сурет).



17 Сурет – Науаша жылдамдығының өзгерісін келтіру

мұндағы,  $f$  - үйкеліс коэффициенті (2.1), (2.2) формулада келтірілген.

$$f[m(g + a_{жY})] > ma_{жX} \quad (2.1)$$

$$a_{ж\cdot x} = a_{ж} \cdot \cos \alpha \text{ және } a_{ж\cdot y} = a_{ж} \cdot \sin \alpha \quad (2.2)$$

Жүктің науашадан бөлек орын ауыстырушы болғандықтан қамтамасыз ету шарты мына (2.3) түрде болады.

$$a_{ж} > \frac{f \cdot g}{\cos \alpha - f \sin \alpha} \quad (2.3)$$

Науашаның кері жүрісі кезінде, оны төмен түсіргенде жүктің науашаға қысымы мен жүктің науаша арасындағы үйкеліс күшін  $F_H$  төмендетіп инерция күшінің тігінен құраушылары жоғары бағытталады. Науашаның кері жүрісі кезінде де түйір өзінің қозғалысын жалғастыру үшін инерция күшінің көлденең құрамалары кері жүріс кезінде үйкеліс күшінен үлкен болуы керек. Яғни (2.4) формуламен келтірілген.

$$m \cdot a_{ж\cdot x} > f \cdot m \cdot (g - a_{ж\cdot y}) \quad (2.4)$$

Жүктің науашадағы қозғалысы науашаның қозғалыс кезеңдерінде науашамен жүк арасында үзіліс болмауы керек. Ол үшін жүктің науашаға түсіретін қысымы нөлден үлкен болуы керек. Яғни (2.5) формуламен келтірілген.


$$m \cdot (g - a_{ж\cdot y}) > 0 \text{ және } a_{ж\cdot y} < g \quad (2.5)$$

Науашаның үдеуінің тік құраушылары әрқашан ауырлық күшінің үдеуінен аз болуы керек.

Мұнда науашаға жүктелетін материалдық қозғалыс заңдылығы қарастырылған, жүк пен науаның өзара қатынас моделі немесе тұтқырлық үйкелісін ескеріп, бір бөлшегі үшін қосымша қосылғыш енгізіп теңдеу құру қиындық тудырды.

Сондықтан тербелмелі тасымал үшін параметрлерін таңдау жолы келесі талаптарды қанағаттандыруы қажет: науа материалындағы кернеуі салыстырмалы аз амплитудалы мәнге ие бола отырып жүктің жоғары жылдамдыққа және науаның үдеуі жүктің жетектегі буынына түскен күшіне тәуелді жүктің жоғары жылдамдыққа жетуі.

Жұмыс үрдісіндегі қондырғының оптималданған бұл әдісі жүктің басқада орын ауыстырылу жағдайында да қарастыруға келеді. Мысалы, науа көлбеу орналасқан жағдайда, нормаль жылдамдықтың орнығу коэффициенті нөлден өзгеше болуы, науаның қозғалыс заңдылығы гормоналды болмаған жағдайда, сол сияқты тұтқырлы үйкелістің қарсыласуын ескерген жағдайы [6].



18 Сурет – Науамен салыстырғандағы жүктің алға қарай сырғуы

*Горизонталь берілген жағдайдағы жүктің орын ауыстыруы.* 18 суретте 1 горизонталь орналасқан науа және 2 жүк көрсетілген.  $x$ ,  $y$  координата жүйесі қозғалмайды, ал  $\xi$ ,  $\eta$  координата жүйесі науамен байланысты қозғалмалы және горизонтальмен заңдылықпен горизонталь өспен  $\gamma$  бұрыш жасай бірігіп ілгерлемелі қозғалыс жасайды.  $I = -m \cdot \omega$  жүктің инерция күші, мұндағы  $m$  және  $\omega$  – сәйкесінше жүктің массасы мен үдеуі. Жүкке келесі күштер әсер етеді:  $G = mg$  салмағы,  $N$  науаның нормаль реакциясы және  $F = f \cdot N$  құрғақ үйкеліс күші ( $f$  -сырғанау үйкеліс коэффициенті).

Науаның орын ауыстыруының қозғалмайтын координата өстеріне түсірілген проекциялары мына формулалар арқылы анықталады.

$$x_{01} = -A \cdot \cos \gamma \cos \omega t, \quad y_{01} = -A \cdot \sin \gamma \cos \omega t$$

мұндағы  $A$  - науа тербелісінің амплитудасы,  $t$  - уақыт;  $\omega$  - бұрыштық жиілік.

Науамен салыстырғандағы жүктің алға қарай сырғанауын қарыстырайық (18-сурет). Жүктің абсолютті координаталарын мына (2.6) формуладағы тәуелділікпен өрнектеуге болады.

$$x = x_{01} + \xi, \quad y = y_{01} \quad (2.6)$$

Күштер мен инерция күштерінің координата өстеріне қатысты проекцияларының қосындысын ескере отырып (2.7), (2.8) формуламен нөлге теңестірсек

$$I_x - F = 0 \quad (2.7)$$

$$N + J_y - G = 0 \quad (2.8)$$

Егер (2.6) формуладағы өрнекті  $x$  және  $y$  шамаларын уақыт бойынша екі рет дифференциалдасақ, содан соң  $x''$  және  $y''$  таңбаларын ескере отырып жүк массасына көбейтсек, онда (2.9), (2.10) формуламен инерция күшінің координата өстеріндегі проекцияларын табамыз.

$$I_x = -\frac{G}{g}(A\omega^2 \cos \gamma \cos \omega t + \xi'') \quad (2.9)$$

$$I_y = -\frac{G}{g}(A\omega^2 \sin \gamma \cos \omega t) \quad (2.10)$$

$I_y$  мәнін (2.8) формулаға қойып, нормаль қысым күшін анықтауға болады. Содан соң  $f$  коэффициентке көбейтіп үйкеліс күшін табуға болады.

$$F = f \frac{G}{g}(g + A\omega^2 \sin \gamma \cos \omega t) \quad (2.11)$$

(2.9) және (2.11) тәуелділіктерінен  $I_x$  және  $F$  мәндерін (2.7) формулаға қойып, ықшамдаған соң жүктің салыстырмалы үдеуін анықтаймыз.

$$\xi'' = -A\omega^2 \cos \gamma \cos \omega t - f(g + A\omega^2 \sin \gamma \cos \omega t)$$

Бұл өрнекті уақыт бойынша интегралдап жүктің салыстырмалы жылдамдық формуласын анықтаймыз.

$$\xi' = -A\omega \cos \gamma (\sin \omega t - \sin \omega t_1) - f[g(t - t_1) + A\omega \sin \gamma (\sin \omega t - \sin \omega t_1)] + \xi'_0$$

мұндағы  $\xi'_0$  – жүктің бастапқы жылдамдығы.  $\varphi = \omega \cdot t$ , алмастыруын жасап, содан соң жүктің салыстырмалы өлшемсіз жылдамдығының  $u = \frac{\xi'}{A\omega}$  алға сырғанау өрнегін жазамыз,

$$u = -\cos \gamma \sin \varphi + \left[ \cos \gamma \sin \varphi_1 - \frac{fg}{A\omega^2}(\varphi - \varphi_1) - f \sin \gamma (\sin \varphi - \sin \varphi_1) + u_0 \right], \quad (2.12)$$


мұндағы  $\varphi_1$  – алға сырғанаудың бастапқы бұрышы;  $u_0$  – жүктің бастапқы алға сырғанаудың өлшемсіз салыстырмалы жылдамдығы.

Тура осындай тәуелділікті жүктің кейін (артқа) сырғанау жағдайында да алуға болады. Онда 13 суретпен салыстырғандағы схема, науамен байланысты жылжымалы координата жүйесінің орны  $x$ ,  $y$  – ке қарағанда төменрек және сол жағында орналасады. Сол сияқты, жүктің инерция күші солға және төмен, ал үйкеліс күші – оңға қарай бағытталады.

Жүктің салыстырмалы өлшемсіз кері сырғанау жылдамдығы мына түрде жазылады.

$$u = \cos \gamma \sin \varphi - \left[ \cos \gamma \sin \varphi_3 + \frac{fg}{A\omega^2} (\varphi - \varphi_3) + f \sin \gamma (\sin \varphi - \sin \varphi_3) - u_0 \right] \quad (2.13)$$

Жүктің салыстырмалы сырғанау жылдамдығын қортып шығарған кезде, мыналар ескерілді;  $t_1$  – алға сырғанаудың бастапқы кездегі уақыты,  $t_2$  - алға сырғанаудың тоқтаған кездегі уақыты,  $t_3$  - кері сырғанаудың бастапқы кездегі уақыты және  $t_4$  - кері сырғанау кезіндегі уақыты. (2.12) және (2.13) формулалардағы үзіліссіз режимдегі  $u_0$  шамасы нөлге тең, ол лақтырып істелінетін режимге қолдануға келмейді.



19 Сурет – Сырғанаған режимдегі тасымалданған жүктің нақты диаграммасын шартты диаграммамен ауыстырылуы

(2.12) және (2.13) формулалармен горизонталь бағытталған науаның және жүктің жылдамдықтарының графигін салуға болады (19 сурет). Ол үшін  $f$  үйкеліс коэффициенті,  $\gamma$  бағытталған тербелістің бұрышы және науа қозғалысының қарқындылық коэффициенті беріледі [7].

$$\delta = A\omega^2 / g \quad (2.14)$$

Мұнда және келешекте тасымалданудың орнықты режимі қарастырылады. (19 сурет) диаграммасында абсцисса өсіне  $\varphi$  фазалық бұрышпен қатар  $t$  уақыт салынады.  $s_1$ , науамен алға және  $s_2$ , кері қарай жылжыған жүктің жүріп өткен жолдары (19 сурет). көрсетілгендей сәйкес масштабпен алынған.

Тасымалдау коэффициентін  $T = (s_1 - s_2) / s$  енгізсек, мұндағы  $s$  – науаның жүру жолының ұзындығы, ол екі еселенген амплитудаға тең.

Науаның бір минутта екі рет жүріп өткен  $n$  саны  $n = 30\omega / \pi$  ға тәуелді тербелістің бұрыштық жиілігіне байланысты. (2.14) өрнегіндегі  $\omega$  мәнін қойып алатынымыз:

$$n = 30\sqrt{g\delta / A} / \pi \quad (2.15)$$

Жүктің тасымалдануының  $\vartheta$  орташа жылдамдығымына тәуелділікке сәйкес келеді.

$$\vartheta = Tsn/60 \quad (2.16)$$

$s = 2A$  екендігін ескеріп, және (2.16) формуласына  $n$  мәнін қойып (2.15) формуладан,  $\vartheta = T\sqrt{gA\delta}/\pi$  ді аламыз.


Қондырғының әртүрлі режимдегі жұмысын салыстыру үшін жылдамдыққа пропорционал көбейтіндіні қолданған тиімді [8].

$$T\sqrt{\delta} = \beta \quad (2.17)$$

Қондырғының әрбір жұмыс режимін үйлесетін екі параметр ретінде алуға болады. Оның біреуі тасымалданушы жүктің жылдамдығына, ал екіншісі науада туындайтын ең үлкен кернеуіне пропорционал ретінде алуға болады.

Егерде, науа немесе оның қарастырылатын бөлігі инерция күшімен жүктің және науаның салмағымен жүктелген екі тіректі арқалық деп есептесек, онда иілген және сығылған кездегі ең үлкен нормаль кернеуі  $\mu = 1 + \delta \sin \gamma$  шамасына пропорционал болады.

Әртүрлі  $\gamma$  бұрыштық шамалармен қондырғы үшін (2.17) формуламен анықталатын  $\mu$  кернеу параметрі мен  $\beta$  жылдамдық параметрі арасындағы қисық байланыстар келтірілген. Әрбір қисықтың анықталған  $\gamma$  шамасы үшін салынған, ал қисықтың жеке нүктелері  $\delta$  берілген параметрінің шамасымен сәйкес келеді. Белгілі  $\gamma$  бұрышы үшін, жоғары шамалы  $\beta/\mu$  қатынастағы өлшемді және салыстырмалы  $\delta$  аз шамаларын ала алатындай, қондырғының жұмыс режимін таңдау дұрыс (20 сурет).



20 Сурет – Қондырғының жұмыс режимін  $\mu$  және  $\beta$  параметрлерінің критерилері көмегімен зерттеу

Үздіксіз режим,  $\mu = 2$  болғандағы горизонталь түзудің төменгі жағында орналасқан аумағында жатады.  $\beta$  және  $\mu$  параметрлерінің мәні үйкеліс коэффициенті  $f = 0.4$  болғанда есептелінген.

*Вертикаль тасталған режимдегі жүктің орын ауыстыруы.* Науа мен жүктің алға қарай сырғанаған кездегі координата өстеріндегі орынының схемасы 20 суретте көрсетілген. Егерде лақтырған жүк ауыр болса, онда оның  $\eta$  координатасы нөлден өзгеше болады. Онда  $x = x_{01} + \xi$ ,  $y = y_{01} + \eta$ ,  $x$  және  $y$  шамаларын уақыт бойынша екі рет дифференциалдап алатынымыз:

$$x'' = x_{01}'' + \xi'', \quad y'' = y_{01}'' + \eta'' \quad (2.18)$$

Мұнда  $x'' = 0$ ,  $y'' = -g$  ге тең  $x_{01}''$ ,  $y_{01}''$ ,  $x''$  және  $y''$  шамаларын (2.18) теңдеуге қойсақ, онда жүктің салыстырмалы үдеуін мына түрде аламыз:

$$\xi'' = -A\omega^2 \cos \gamma \cos \omega t, \quad (2.19)$$

$$\eta'' = -g - A\omega^2 \sin \gamma \cos \omega t. \quad (2.20)$$

Ұшы көтеріле бастаған науаның орнын  $d$  арқылы белгілейміз. (2.18) теңдеуді уақыт бойынша интегралдап және бастапқы шарттарды қойсақ,  $t = t_d$ ,  $\xi' = \xi'_d$ , сонан соң екі жағында  $A\omega$  ға бөлсек және  $u_d = \xi'_d / A\omega$  тең екендігін ескеріп, горизонталь бағыттағы ұшқан жүктің өлшемсіз салыстырмалы жылдамдық формуласын аламыз:


$$u = -\cos \gamma \sin \varphi + \cos \gamma \sin \varphi_d + u_d \quad (2.21)$$

Жүктің науадан бөлініп шығу мезеті, вертикаль құраушы  $I_y$  инерция күшінің бағыты жоғары бағыттталып және жүктің салмағына тең болады. (3.10) формула бойынша салмақты  $I_y$  теңдеп содан соң ықшамдап  $\cos \varphi_d = -1/\delta \sin \gamma$  тәуелділігін аламыз.

Жүктің ұшу мезетіндегі  $\theta$  бұрышы танымал тәуелділігіндегі  $\varphi_d$  бұрышына байланысты.

$$\operatorname{tg} \varphi_d = -\left[ \frac{\theta^2}{2} - (1 - \cos \theta) \right] / (\theta - \sin \theta)$$

Көтеріп тасталған режимде  $\theta$  шамасына мән беріп және сол арқылы  $\varphi_d$  шамасын анықтап отырған ыңғайлы. (2.21) формула арқылы ұшқан бөлшектің аралығы үшін, солсықты (2.12) және (2.13) формулалардан сырғанау аралығы үшін науа және жүктің горизонталь бағыттағы (20 сурет) жылдамдықтарының диаграммасын саламыз:



21 сурет – Көтеріп-тастаған режимдегі жылдамдықтың нақты диаграммасынан шартты диаграммаға ауысуы

Жүктің салыстырмалы ілгерлемелі қозғалысының  $s_1$  жүрген жолы  $s_1'$ ,  $s_1''$ , және  $s_1'''$  алаңшалардан тұрады [9].

## 2.2 Горизонталь орнатылған науашаның тербелісін есептеу

Декарттық координатты изотроптық табақшаның тербеліс теңдеуі;

$$D\nabla\nabla\lambda + \rho h \frac{\partial^2 \lambda}{\partial t^2} = P \quad (2.22)$$

мұндағы,  $D$  – цилиндрлік қаттылық  $D = \frac{Eh^3}{12(1-\mu^2)}$ ;

$\nabla$  – Лаплас операторы,  $\nabla = \frac{\partial^2}{\partial x_1^2} + \frac{\partial^2}{\partial x_2^2}$ ;

$\lambda$  – табақшаның иілуі,

$\rho$  – жадығат тығыздығы,

$h$  – табақша қалыңдығы,

$P(x_1, x_2, t)$  – көлденең жүктеменің қарқыны.

Шеттері бос қондырылған табақшаның еркін тербелісінің теңдеуі;

(2.22)-формуладағы  $P = 0$  десек, онда;

$$\omega = \pi^2 \left( \frac{m_1^2}{g_1^2} + \frac{m_2^2}{g_2^2} \right) \cdot \left( \frac{D}{\rho h} \right)^{\frac{1}{2}} \quad (2.23)$$

Шеттері қатты бекітпелі табақшаға еркін тербелістің жиілігін аналитикалық жолмен табу қазірге мүмкін емес, сондықтан жуықтау рэлея-ритцтің тәсілін қолданамыз.



$$\omega = \pi^2 \left[ \frac{D}{\rho h} \left( \frac{A^4 m}{g_1^4} + \frac{A_n^4}{g_2^4} + 2 \frac{BmBn}{g_1^2 g_2^2} \right) \right]^{\frac{1}{2}} \quad (2.24)$$

мұндағы,

$$A_m = \begin{cases} 1,506 & (m=1) \\ m+0,5 & (m \geq 2) \end{cases} \\ B_m = \begin{cases} 1,248 & (m=1) \\ A_m(A_m - \frac{2}{\pi}) & (m \geq 2) \end{cases} \quad (2.25)$$

Шеттері бос қондырылған табақшаға рэлея-ритцтің жиілікті табатын бірінші жуықтау формуласы мынадай түрде болады;

$$\omega = \pi^2 \left( \frac{D}{\rho h} \left\{ \frac{A^4 m_1}{g_1^4} + \frac{A^4 m_2}{g_2^4} + \frac{2}{g_1^2 g_2^2} \cdot [\mu Bm_1 Bm_2 + (1-\mu) Cm_1 Cm_2] \right\} \right)^{\frac{1}{2}} \quad (2.26)$$

мұндағы;

